

Мектеп мақтанышы

Сабина Каденова спорт шебері атанды



Ақылына көркі сай спортшы ару

Бүгінгі мен қалам тартып, сыр шерткелі отырған жанның бойындағы спортқа деген сүйіспеншілігіне таңғалдырмай қоймасы анық. Сабина Каденова біздің мектептің 9 сынып оқушысы, дзюдодан бірнеше мәрте жеңімпаз, биылғы 2023 жылы дзюдодан «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат атағын иегелген жас дарын иесі. Сабинаның қол жеткізген жеңістерін тізбектеп шығу тіпті мүмкін емес. Республика, облыстық сайыстарда қоржыны олжаға толып оралатын жас спортшымыз халықаралық деңгейдегі сайыстардан Рамазан Сыздықовты еске алуға

арналған XIII республикалық турнирдің 2-орнын иеленді. Бала күнінен оның бойындағы дзюдоға деген сүйіспеншілігінің жоғары екендігін байқаған анасы Роза қызын спорттық секцияға беріп, қолдау көрсетіп отырды. Ауа райының қолайсыздығына қарамай, Сабинаны анасының өзі қолымен жетектеп тәлімгеріне тапсырып, бала қиялының ұшталуына мүмкіндік туындатты. Міне, сол ананың баласына деген сенімі бүгінгі таңда ақталғандай.

**Эльмира ДҮЙСЕНБАЕВА,
Ғ.Жұмабаев атындағы
Боровской мектеп-
гимназиясының
тәрбие ісі орынбасары**